

Психологияны окыту принциптері



МАЗМҰНЫ:

I Кіріспе

1. Психологияны оқыту үрдісінің сипаттамасы, оқытудың формалары

2. Психологияны оқыту үрдісінің сипаттамасы, оқытудың формалары

3. Психологияны оқыту әдістемесі пәнінің міндеттері:

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы психологиялық білім мен оның тәжірибесіне деген қызығушылықтың өсуі жоғары мектептегі психологияны оқытудың әдістемесіне жаңа, әрі тиімді әдістерді енгізуді қажет етіп отыр. Психологияны оқытудың тиімділігі негізінен педагогтың оқу процесін психология ғылымының теориясы мен тәжірибесінің мазмұнына сай ұйымдастыру іскерлігіне байланысты болады.

Осыған байланысты психология пәнінің оқытушысы психологияның теориялық сұрақтарымен бірге, студенттерде жоғары мектепте оқу барысында пайда болатын психологиялық мәселелерге қатысты сұрақтарына да жауап бере білуі керек болатыны түсінікті. Себебі, психологияны оқыту әдістемесі студенттердің ерекшеліктерін ескеруі міндетті.

Жалпы оқу пәні бойынша сабақты жоспарлау және ұйымдастыру. Білім мазмұны оқу жоспарларында, бағдарламаларында, оқулықтар мен оқу құралдарында айқындалады. Оқу жоспары—оқу орнында игерілетін оқу пәндерінің құрамын, оларды меңгеру бірізділігі мен кезек тәртібін, әр пән бойынша жылдық, апталық бөлінген сағат санын, оқу жылының бас-аяқ мерзімі және апта, айларын анықтап беретін құжат. Оқу жоспарлы түбір (типтік) және нақты оқу мекемесі тарапынан жасалған оқу жоспары болып бөлінеді. Түбірлі оқу жоспарында мектеп (ЖОО) қабырғасында оқу жылдарына орай жүргізілетін барша оқу пәндерінің тізімі беріледі. Игерілуі қажет пәндер оқу жоспарында үш топқа бөлінеді: 1) міндетті (базалық-мемлекеттік бөлік), 2) оқушылар қалауы бойынша (аймақтық бөлік) және 3) мектеп (ЖОО) кеңесі бекімімен өтілетін пәндер (мектептік (ЖОО) бірлік). Түбір оқу жоспарында әрқилы білім саласына, факультативтерге, оқушылар таңдауымен енген курстарға арналған сағаттар бөлігі өрнектеледі.



ОҚЫТУДЫҢ МІНДЕТТЕРІН ҚҰРА БІЛУ, ӘРІ СЫНЫП ЖӘНЕ СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ МАЗМҰНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асыуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әр түрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады.



СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

- тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған-балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, дүниетанымын қалыптастыру, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.



ТҮСІНДІРУ, МЕНГЕРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУГЕ ОҚУ УАҚЫТЫН БӨЛІП, РЕТТЕУ.

- **Түсіндіру, меңгеру және бақылау міндеттерін шешуге оқу уақытын бөліп, реттеу.** Диагностика (грек. «диа» - мөлдір, таза және «гносис» - ілім) – оқылатын нысан немесе үдеріс туралы алдын-ала ақпаратты алудың жалпы тәсілі.
- Соңғы жылдары жоғары мектеп тәжірибесінде диагностикаға педагогтардың оқыту, тәрбиелеу және білім беру нәтижелерін өлшейтін арнайы қызметінің жүйесі ретінде қарауға көп көңіл бөлуде.
- Оқыту нәтижелерінің диагностикасы – білім алушылардың жүйелі түрде меңгерген білім, іскерліктері мен дағдыларын анықтау, талдау және бағалау. Оқытудың нәтижелілік – бұл диагностикалау кезінде көздеген мақсаттың жүзеге асу деңгейін көрсету дегенді білдіреді.
- Бақылау – білім алушылардың оқу іс-әрекетінің нәтижесін көрсететін білімін, іскерлігін бағалау, өлшеу, анықтау.
- Диагностика мен бақылау объективтілік, жүйелілік, көрнекілік принциптеріне сүйенеді.



ДИАГНОСТИКА МЕН БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТИВТІЛІК, ЖҮЙЕЛІЛІК, КӨРНЕКІЛІК ПРИНЦИПТЕРІНЕ СҮЙЕНЕДІ.

- **Объективтілік принципі** оқу бағдарламасының негізгі бөлімдерін қамтитын тапсырмалардың, сұрақтардың, тестердің ғылыми негізделген мазмұнына байланысты болады, білім алушылардың теориялық білімдері мен практикалық іскерліктерін тексеруді қамтамсыз етеді.
- **Жүйелілік принципі** оқыту үдерісінің барлық кезеңдеріне – білімді о баста қабылдаудан бастап оны практикада қолдана алуына дейін диагностикалық бақылауды жүргізу қажеттілігімен анықталады. Жүйелілік диагностикалауды жүргізуге кешенді түрде қарауды талап етеді, ондағы бақылау мен тексерудің, бағалаудың әдістері мен құралдары, формалары өзара тығыз байланыста, бірлікте болып, бір мақсатқа бағынады.
- **Көрнекілік (жариялылық) принципі** білім алушылардың білім, іскерлік пен дағдыларын бір талаптар аясында тексеруден тұрады. Көрнекілік принципі тексерудің, оларды талдау мен талқылаудың нәтижелерін жариялап, талдауды қажет етеді.



Студенттердің үлгерімін бағалау олардың білім, іскерлік, дағдыларын тиімді игерудің критерилеріне сай жүргізіледі. Ең маңызды **критерилері** деп көлем, жүйелілік, ұғу, беріктік пен пәрменділік (ұтымдылық) саналады. Бұлардың әрқайсысына жеке тоқталайық:

-білім көлемі – студенттің жеке бөлім, модуль, тақырып немесе жеке сабағы бойынша меңгерілетін фактілер, түсініктер, ережелер, заңдар жиынтығы;

-білімнің жүйелілігі – оқылатын пәннің қисынын, оның идеясы мен заңдылығын түсіну, оқылған материалды белгілі бір тәртіппен орналастыра білу іскерлігі, бір фактіні, ұғымды, ережені екінші бір фактімен, ұғыммен, ережемен дұрыс байланыстыра білу;

-білімнің ұғынықтылығы – пікірдің айқындылығы мен дұрыстығы, әр қырлы сұрақтарға жауап бере білу іскерлігі, түсіндіру және практикалық міндеттерді шешу үшін теориялық білімді қолдану;

-білімнің беріктігі – оқылған материалды есте мықтап ұстау және игерген білімін түрлі жағдайларда дұрыс қолдана алу;

-білімнің пәрменділігі – алған білімді әр түрлі танымдық және практикалық іс-әрекетте қолдана алу, теория мен практиканы өзара байланыстыра білу.



□ *Психологияны оқыту әдістемесі пәнінің міндеттері:*

- - Психологияны оқыту әдістемесінің теориялық негізгі мазмұнын ашу. Психологияны оқыту мәселелеріне қызығушылық туғызу.
- - Студенттердің психологияның практикалық оқытушысы ретінде үздіксіз өзіндік жетілдіруіне бағыттау;
- - Студенттерді қоданбалы психологиялық пәнді меңгеруге қызығушылығын арттыру;
- - Студенттердің жеке кәсіби іс – әрекетіндегі педагогикалық психологияның білімін қолдануға стимул (ұйытқы) жасау.
- Оқыту принциптері – бұл оқу сабақтарын ұйымдастырудағы жетекші идеялар, ғылыми негізделген ұсыныстар, оқыту процесін реттейтін ережелер, нормалар. Принциптер дидактика мен оқытудың мақсатына тәуелді. Қазіргі дидактикада классикалық принциптер, сондай-ақ соңғы он жылдықта жасалған принциптер бар.



Карандашев В.Н. дәстүрлі оқыту принциптерінің ішінен (оқытудың тәрбиелеуші сипаты, ғылымилық, көрнекілік, саналылық және белсенділік жүйелілік, жеке тұрғыдан келу, жас ерекшелікті ескеру, аудиторияның мотивациялық дайындық принципі) психологияны оқытудағы принциптерге ерекше мән береді.

Ғылымилық принцип оқылатын материал қазіргі ғылыми және практикалық психология жетістіктеріне сәйкес келуін талап етеді. Бұл принцип психологияны оқытуда аса маңызды роль атқарады, себебі қазіргі уақытта ғылыми емес, тұрмыстық психологияда эзотериялық білім негізінде жазылған көптеген психологиялық кітаптар бар. Мұндай кітаптарда дәлелденбеген, ғылыми тұрғыда зерттелмеген мәліметтер беріледі.

Жүйелілік принципі оқу материалдарын белгілі бір логикалық бірізділікпен берілуін көздейді. Бұл оқу пәні туралы жүйелі түсініктерді қалыптастырады.

Тиімділік пен эмоционалдылықтың бірлігі принципі. Бұл принципке сәйкес оқу студенттер мен оқушылар оқудың мақсатын түсініп, осы пәнді оқу қажеттілігін білсе, оның өзі үшін және кәсіби қалыптасуы үшін мәнін ұғынса, білімге саналы қызығушылық танытса ғана тиімді болады.

Теориялық білім мен эмпирикалық білімнің бірлігі принципі. Бұл принцип нақты мен абстракцияның бірлігі сияқты дидактикалық принципті нақтылау болып табылады. Бұл принципке сәйкес психологияны оқытуда бір жағынан, теориялық идеялар және олардың логикалық негізделуі, екінші жағынан, олар сүйенетін эмпирикалық деректер, оларды көрсететін нақты мысалдар өзара үйлесіп жатуы тиіс. Өкінішке орай, психология оқулықтарында және дәрістерінде нақты деректер мен мысалдарға негізделмеген теориялық тұжырымдар едәуір басым болады немесе практикалық психология саласынан алынған көптеген қызықты психологиялық зерттеулер, тәжірибелер, мысалдар көп кездеседі.

Көрнекілік принципінің мәні оқуда сезім мүшелері мен бейнелерді қолдану мүмкіндігінде. Ең маңыздысы көру бейнелері. Біріншіден, студенттер мен оқушыларда көру анализаторы жетекші роль атқарады, екіншіден, ақпараттың көру арқылы танылуы материалды терең түсініп жақсы игеруге мүмкіндік береді.

Психологияны оқудың өмірмен, тәжірибемен байланысы принципі. Оның мәні психологиялық түсініктер мен заңдылықтар ғылыми зерттеулермен ғана түсіндірілмей, студенттер мен оқушылар күнделікті өмірде кездесетін өмір шындығы арқылы түсіндіру болып табылады.



Оқытуда жас ерекшелікті ескеру принципі.

Жасөспірімдік кезең өзге де психологиялық жас кезеңдері секілді ерекше үстем тұрған қажеттіліктермен, тұлғаның сапалық жана құрылымдарымен, сензитивтілігімен, психикалық өмірдің өту ерекшелігімен сипатталады.

Жоғарыда аталған принципті нақтылай келе біз жасөспірімдік кезеңнің келесі сипаттамаларын есепке алдық.

1. Жасөспірімнің жалпы мотивациясы қарым-қатынасқа ауысады. Мұнда қақтығыстар болады, құндылықтарды қайта қарастыру және өзін-өзі орнықтыру қажеттілігі қанағаттаныдырылады.

2. Жасөспірім ересектік және «Мен» бейнесінің қалыптасуына байланысты өте күшті әсерлерді бастан кешіреді. Сонымен қатар мұнда жыныс бейнесімен идентификациялану (теңестірілу) жүреді.

3. Абстрактылы ойлау түрінің қарқынды дамуы ойлау тәсілдерінің өзгеруіне, оның әлеуметтенуіне әкеледі, осының нәтижесінде қоршаған ортаға және өзіне деген көзқарасы өзгеріске ұшырайды.

4. Өзіндік сана мен рефлексияның белсенді қалыптасуы өмір және өзі туралы көптеген сұрақтарды туындатады. «Мен қандаймын?» деген сұрақ жасөспірімде өзінің мүмкіндіктерінің қорын іздейді.

5. Дамудың қорғаушы күшіне тұлғаның ішкі құраушы компоненті болып табылатын қызығушылықтар жатады. Эмансипация реакциясы айқын көрініс табады, осыған сәйкес өзін-өзі өзектендіру де көрініс береді.



Оқытудағы жас ерекшеліктерді ескеру принципін жүзеге асыру тәжірибеде екі тәсілмен шешіледі.

1. *Мазмұн арқылы.* Оқу курсы мазмұнының елеулі бөлігін «жас ерекшелік қажеттілігі» болып табылатын ақпарат құрайды және сол себепті ол жасөспірім үшін маңызды болып табылады. Осылайша әрбір жас сипаттамасына белгілі-бір категория сәйкес келеді: қарым-қатынас мәселесі – «қатынас» категориясы, өзіндік сананың даму мәселесі – «даму» категориясы.

2. *Әдістер арқылы.* Курста бағдарлама мазмұнына қарамастан жасөспірімнің көрсетілген қажеттіліктері мен «жұмыс істейтін» әдістер тобы қолданылады.

Жеке тұлғадан келу принципі

Аталған принципте нақты аудиторияның ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы айтып отырмыз. Мұғалімнің осы принципті меңгеруі дегеніміз педагогикалық жағдайда психологиялық контекстпен жұмыс істеу дегенді білдіреді. Яғни оқытудағы тек жүріс-тұрыспен қатар түрлі деңгейде жағдайды талдай білу, яғни жасөспірімнің мадақтауға және нашар әсер қалдыруға деген қорқыныш сезімталдығы жатады.

Мұнда мұғалімнің топтың психологиялық ахуалына назар аудара білуі маңызды болып табылады. Ол индивидпен, микротоптармен және жалпы топпен не болып жатқанын аңғара білуі тиіс.

Қанша индивид болатын болса, сонша «топ» ахуалы болады. Әрбір оқушы түрліше мұғаліммен өзара әрекеттестікке түседі, құрдастар тарапынан әр түрлі көзқарастарға ие болады.

.



- *Аудиторияның мотивациялық дайындық принципі.*
- Аталған принциптің маңыздылығы әрбір сабақты өткізу оқу процесін құру барысында оқытушы аудиторияға осы сәтте маңызды жағдайларды ескеріп, соларға бағдарлануы тиіс. Бұл принциптің негізінде оқушылардың (студенттердің) ішкі түркі, қажеттілік және мақсат жүйелерін ашып, олардың осы пәнге деген қызығушылығы мен талаптану деңгейін қалыптастырады.



ҚОРЫТЫНДЫ

Психология алдында тұрған теориялық және тәжірибелік міндеттердің көпшілігіне байланысты қазіргі уақыттағы психология ғылымы қарқынды даму үстінде. Психикалық әрекеттің даму барысындағы оның заңдылықтарын оқытып-үйрету психологияның негізгі міндеті болып табылады. Соңғы онжылдық көлемінде психо-логиялық зерттеулер шеңбері айтарлықтай кеңіп, жаңа ғылыми бағыттар мен пәндер пайда болды. Психология ғылымының ұғым аппараты өзгеріп, жаңа жорамалдар мен тұжырымдамалар үздіксіз пайда болып, психология жаңа эмприкалық мәлметтермен толығуда. Б.Ф.Ломов «Психологияның әдіснамалық және теориялық пробле-малары» деген еңбегін қазіргі кезеңдегі ғылым жағдайын сипаттай отырып, қазіргі уақытта «психология ғылымының әдіснамалық мәселелерін және оның жалпы теориясын өңдеуге қажеттілік кенеттен артуда» деп атайды.



Назарларыңызға рахмет

